

Педагогикалық кеңестің №1 хаттамасы

Мерзімі: 29.08.2022ж

Қатысқандар: 5

Күн тәртібінде

1. Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы.
2. 2022-2023 оқу жылы Жетісай адами әлеуетті дамыту білім саласындағы қызметкерлерге арналған Тамыз кеңесінің материалдарын талқылау және оның қорытындысы туралы.
3. Нормативтік құқықтық құжаттар. (Әдістемелік нұсқау-хат, стандарт пен бағдарлама, Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі)
4. Балабақшаның жаңа 2022-2023 оқу жылының оқу жоспарын және балабақша жұмысының жылдық жоспарын, педагогтардың перспективалық жоспарларын, күн тәртібін талқылау және бекіту.
5. Аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту.
6. Өртүрлі мәселелер.
7. Психологиялық тренинг. Тақырыбы: «Қарым – қатынас мәдениеті»
8. Педагогикалық кеңес шешімі
9. Алғы сөз балабақшаның меңгерушісі Л.Утегенова №1 педагогикалық кеңесті «Ашық» деп жариялады. Барлық педагог тәрбиешілерді жаңа оқу жылымен құттықтады. Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелермен таныстырып өтті.

1.Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша әдіскер Л.Утегенова 2022 жылдың жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының есебін берді. Жаз мезгілінде балалардың таза ауада көбірек болуына көп көңіл бөлінгенін айтып өтті. Далада массаждық жолдар ұйымдастырылып, кесте бойынша топтар қатысып отырғанын айтты. Таза ауада дене шынықтыру шаралары ұйымдастырылып отырды. Сауықтыру-шынықтыру шаралары өз мақсатына жетті. Мектепке дейінгі балалық шақ Республикалық орталығы әзірлеген жаздық бағдарламамен жұмыс атқарылғандығын айтты. Мектеп алды тобы үшін 2022 жылдың 1 тамызына дейін «Балақайлар мектебі» бағдарламасымен жұмыс жасалғанын айтып өтті. 2022 жылдың жаз мезгіліндегі сауықтыру-шынықтыру шараларының жұмысы «жақсы» деп саналады.

2. Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша тәрбиешілер **2022** жылғы тамыз кеңесі туралы баяндап, оның тақырыбы, мақсаты, осы **2022-2023** оқу

жылына қойылған мақсат қалай жүзеге асырудың тиімді жолдарын айтып кетті.

Пленарлық отырыс тақырыбы: Білімді ұлт: терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет.

3. Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Л.Утегенова 2022-2023 оқу жылында басшылыққа алатын нормативтік құқықтық құжаттарға қысқаша тоқталып өтті. 2022-2023 оқу жылында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктеріне тоқталып, ақпарат беріп өтті. Әдістемелік нұсқау хатта ерекше көңіл бөлінген тұстарымен таныстырды. 2022-2023 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыру төмендегі негізгі нормативтік құжаттармен жүзеге асырылатынын айтты:

- МЖМБС
- Үлгілік оқу жоспарлары
- Үлгілік оқу бағдарламасы
- Әдістемелік нұсқау хат
- Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды даярлық сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі негізінде әзірленген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу. Әдістемелік нұсқау хатта 2022-2023 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;

- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;

- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;

- Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;

- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту;
- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту. Әдістемелік нұсқау хат қосымшасы перспективалық жоспар, циклограмма үлгісін, баланың жеке даму картасының үлгісін қамтиды.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша: - физикалық дамыту;

- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);
- 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
- 3) сөйлеуді дамыту;
- 4) көркем әдебиет;
- 5) сауат ашу негіздері;
- 6) қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда);
- 7) сенсорика;
- 8) математика негіздері;
- 9) құрастыру;
- 10) қоршаған ортамен таныстыру;
- 11) сурет салу;
- 12) мүсіндеу; 13) жапсыру; 14) музыка.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

Ұйымдастырылған іс-әрекет - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінезқұлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру

үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын іс-әрекет. Ортаңғы топтан бастап мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі.

Модель – мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту мен жетілдіру бағытын айқындайтын тәсілдер мен қағидаттар жиынтығы.

Модельдің мақсаты – дені сау, дербес, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыру мен әлеуметтендіруге бағытталған тәрбиелеу мен оқыту жүйесін өзгерту арқылы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың бағыттары мен қағидаттарын айқындау.

4. Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша Әдіскер Л.Утегенова Балабақшаның жаңа 2022-2023 оқу жылының оқу жоспарын және балабақша жұмысының жылдық жоспарын, педагогтардың перспективалық жоспарын талқылау және бекіту.

Перспективалық жоспарды ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша тәрбиешілер, жас тобында жұмыс істейтін педагогтер (қазақ тілі мұғалімі, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысы, музыкалық жетекшісі) оқу жылы басталғанға дейін жылына бір рет жасайды. Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалады.

Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізілетін дене шынықтыру, қазақ тілі, сауат ашу негіздері және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылады. Бұдан басқа ұйымдастырылған іс-әрекеттер түрлі балалар әрекеттері арқылы күні бойы күн тәртібіне сәйкес толтырылады және іске асырылады.

Циклограмма әр аптаға құрылады, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылады. Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар:

- аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау;

- әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып беру;

- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану;

- әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы ортаны (орталықтарға бөлу және оның балаларға қолжетімді болуын қарастыру, оның мүмкіндіктерін барынша қолдану) құру.

Педагогтің міндеті – өзінің түсіндіруіне көп уақыт бөлмей, балаларды шаршатпай, жалықтырмай, түсіндіруді балалардың өз бетінше ой елегінен өткізіп, сұрақтарға жауап табуына, қолмен жасап, зерттеп, шешім шығаруына мүмкіндік беру. Ол үшін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ойын түрінде түрлі балалар әрекеттерін (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) ұйымдастыру. Баланы өзінің әлем туралы түсінігін құру құқығы мен мүмкіндігі бар және өз бетінше үйренуге белсенді қатысушы ретінде қабылдау.

Балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруда баланың ынтасын, пікірін және тілегін ескере отырып, ойын түрінде, барлық балалармен бір уақытта ғана емес, сонымен қатар шағын топтармен өткізу, балалар әрекетінің бірнеше түрі қатар ұйымдастырылған жағдайда балаларға аталған әрекеттердің бір түрінен өзін қызықтыратын басқа екінші әрекетке ауысуға рұқсат ету, қызығып орындап отырған баланы басқа балалармен бірге еріксіз келесі әрекетке көшірмеу ұсынылады.

Сондай-ақ, ұйымдастырған іс-әрекеттерді, түрлі балалар әрекеттерін тек топ бөлмесінде үстел үстінде ғана емес, серуенде, ойын алаңында және т.б. балалар үшін жайлы жағдайларда күннің бірінші және екінші жартысында өткізуге болады.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі.

Әдістемелік нұсқау хатта ұсынылған күн тәртібін бекітілді.

5. Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша Аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту керектігін айтты.

6. Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша әртүрлі мәселелер бойынша сөз қозғалды. Жаңа оқу жылындағы жаңа өзгерістер жайлы сұрақ – жауап ұйымдастыра отырып, талқыланды. Әдіскерлер жаңа перспективалық жоспар, циклограмма жайлы тәрбиешілердің сұрақтарына жауап берді.

7. Тыңдалды:

8. Педагогикалық кеңес шешімі

Күн тәртібіндегі сегізінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі №1 педагогикалық кеңес шешімі шығаруды ұсынды: Әдістемелік нұсқау хат бойынша жыл бойы жұмыс атқаруға, жылдық жоспар, оқу жоспары, ұйымдастырылған іс – әрекет кестесі, күн тәртібі бекітілді. 2022-2023 оқу жылы жылдық жоспар бойынша жұмысты атқару керектігі жайлы айтылды.

Қаулы:

1. Әдістемелік нұсқау хат бойынша жыл бойы жұмыс атқарылсын.

Мерзімі: жыл бойы.

Жауаптылар: әдіскер, барлық топ тәрбиешілері, жетекшілер

2. Жылдық жоспар, оқу жоспары, ұйымдастырылған іс – әрекет кестесі, күн тәртібі бекітілді. 2022-2023 оқу жылы жылдық жоспар бойынша жұмысты атқару.

Мерзімі: жыл бойы.

Жауаптылар: әдіскер, барлық топ тәрбиешілері

3. Аттестациядан өтетін педагогтарға әдістемелік көмек көрсетіліп, сараптамалық кеңес мүшелеріне бұйрық шығарып, жоспар құрылсын.


Мерзімі: 29 қыркүйек 2022ж.

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер

4. Осы шешімдердің орындалуын әдіскер Л.Утегеноваға жүктелсін.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



Л.Утегенова



Б.Уалиханова

Педагогикалық кеңестің

№2 хаттамасы

Мерзімі: 06.10.2022ж

Қатысқандар: 5

Күн тәртібінде

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы.
2. Бақылау және басшылық. Салыстырмалы тексерудің қорытындысы туралы.
3. Халық ауыз әдебиетінің бала тәрбиесіндегі маңызы (баяндама)
4. «Тәуелсіздік- тұғырым» балабақшада көрме ұйымдастыру туралы.

1.Тыңдалды: Б/б меңгерушісі Л.Утегенова сөз сөйледі. Ол өз сөзінде өткен кеңестің шешімдеріне тоқталды.

Балабақшаның жылдық жоспары,ұйымдастырылған оқу іс -әрекетінің кестесі және тәрбиешілердің жоспары мен балабақшаның тәртібі бекітілді. Ата аналар файл -папка әкеліп тастады,- деді меңгеруші.

2.Тыңдалды: Б/б әдіскері Л.Утегенова сөз сөйледі. Ол өз сөзінде белгіленген іс шараны орындау мақсатында «Бақылау және басшылық» бөлімі бойынша салыстырмалы тексеру болып өтті.Тексерудің мақсаты-балалардың сөздік қорын байыту,байланыстырып сөйлеуді дамыту.

Талдау нәтижесі: Тәрбиешінің оқу іс-әрекетіне дайындығы жақсы. Бірақ көрнекіліктері аз .Көрнекіліктер баланың танымдық әрекеттеріне сай емес.Тіл дамыту оқу іс-әрекеттерінде түрлі көрнекіліктер: түрлі – түсті картиналар пазлдар ДВД,СД дискілерін қолдану керек. Тәрбиеші М.Аскар

І- деңгейден жоғары деген баға беріліп, әдістемелік көмек көрсетілді. Сөйлегендер: Тәрбиеші М.Коспанова тақырыптық тексерудің нәтижесіне толық келісемін. Өйткені оқу іс-әрекетінде,әсіресе тіл дамыту бойынша міндетті түрде көрнекіліктер болу қажеттілігі тағы да бір көз жеткізгендей болдық. Алдағы уақытта барлық оқу іс-әрекеттерінде көрнекіліктердің сапалы әрі,көп болуына еңбек етеміз деп сіздерді сендіре аламын деді, тәрбиеші.

Тыңдалды: Балабақша тәрбиешісі Г.Бекжанова «Халық ауыз әдебиетінің бала тәрбиесіндегі маңызы» (баяндама) қазақ әдебиетінде халық мұрасы ерекше орын алады. Белгілі ұстаз ғалым М.Ғабдуллиннің мақал-мәтел жөнінде қай мақалды алсақта оның мазмұнында өмірде болған елеулі оқиға, әңгімелер жатады. Мақал соларға берілген даналық


қорытынды тұжырымды түйін болып отырады. Ересек тобының балаларына жүргізіліп жүрген «Коммуникативті», «Әлеуметтік дағды» білім беру салалары бойынша «тіл дамыту», «көркем әдебиет» ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде халық ауыз әдебиетінен мақал-мәтелдерді, жаңылтпаштарды, жұмбақ шешу, ертегілер, әңгімелер, өлеңдер оқу, оның тәрбиелік мағынасын балаларға ашық, анық нақты кенінен түсінікті етіп жеткізе білу керек.

4. Тыңдалды: балабақша әдіскері Л.Утегенова сөз сөйледі. Жақында тәуелсіздік алғанымызға 31 жыл толады. Осыған орай біздің балабақшамызда мерекелік тарту ретінде «Тәуелсіздік тұғырым» атты көрме ұйымдастырамыз. Көрме ұйымдастыру жылдық жоспарымызда қаралған. Желтоқсанның 15 –не әрбір топта көрме ұйымдастырылады,- деді.

Шешімі


1. Өткен кеңес шешімдері орындалды.
2. Бақылау мен басшылық салыстырмалы тексерудің қорытындысы бойынша топ тәрбиешісіне қанағаттанарлық деген баға қойылсын.
3. Баяндама бекітілсін.
4. «Тәуелсіздік тұғырым» атты көрме ұйымдастырылсын.

Кеңес төрайымы:



Л.Утегенова

Хатшы:



Б.Уалиханова

**Педагогикалық кеңестің
№3 хаттамасы**

Мерзімі: 11.01.1023ж

Қатысқандар: 5

Күн тәртібінде

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы.
2. Бақылау және басшылық. Жан-жақты тексерудің қорытындысы (жарты жылдық мониторинг қорытындысы)
3. «Балалардың дене дамуының көрсеткіштерін сараптау» медбике есебі
4. Көрменің қорытындысы.
5. Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті.

1.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Л.Утегенова сөз сөйледі. Ол өз сөзінде өткен кеңестің шешімдеріне тоқталды. Бақылау және басшылық, салыстырмалы тексерудің қорытындысы бойынша топ тәрбиешісіне қанағаттанарлық деген баға қойылды. Халық ауыз әдебиетінің бала тәрбиесіндегі маңызы атты баяндама бекітілді деді меңгеруші.

2.Тыңдалды: Балабақша әдіскері Л.Утегенова сөз алды. Ол өз сөзінде «Бақылау және басшылық» бөлімінде жан-жақты тексеру болып өтті. Жан-жақты тексерудің мақсаты балалардың жарты жылдық білім деңгейінің қорытындысының нәтижесі: Талдау нәтижесі бойынша

Жас топтары	Балалар саны	Физикалық қасиеттерді дамыту	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Балалардың шығармашылық дағдылары, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру
-------------	--------------	------------------------------	-----------------------------------	--	---	--

		олардың ішінде	олардың ішінде	олардың ішінде	олардың ішінде	олардың ішінде	олардың ішінде	олардың ішінде	олардың ішінде	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде	олардың ішінде орташа	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде	олардың ішінде орташа	олардың ішінде төмен деңгей
Ортаңғы «Еркетай» топ	25	7	12	6	10	11	4	7	12	6	10	11	4	7	12	6
ересек «Айгөлек» топ	25	10	13	2	7	16	2	7	16	2	7	16	2	7	16	2
Барлығы	50	17	25	8	17	27	6	14	28	8	17	27	6	14	28	8
%																

оқу жылының І жарты жылдық есебі бекітілсін деді балабақша әдіскері.

Сөйлегендер: Б.Уалиханова тәрбиеші оқу жылында топ міндеттемелері әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып жұмыс жүргізілуде. Балабақша ата-аналармен тығыз қарым қатынаста жұмыс істеп келеміз. Жан-жақты тексерудің нәтижесіне толық қосыламын. Жалпы, жыл басынан бері балаларды жанжақты дамытуға арналған түрлі бағытта іс-шаралар ұйымдастырылуда. Алдағы уақытта да іс-шараларымыз көп деді тәрбиеші.

3.Тыңдалды: Балбақша медбикесі М.Бегимкулова сөз алды. Ол өз сөзінде Балалардың дене дамуының дене көрсеткіштерінің сараптау, мөлшерлі салмақ қосуы бойының өсуі және статикалық қасиеттерін сондай-ақ, сезім және психикалық қызметінің дамуы дәрігерлік бақылау кезінде өлшеніп, бағаланатын процесстер міне осылар. Мектепке дейінгі мекеменің дәрігері 3 жасқа дейінгі балаларды айына 1 рет 3 жастан және онан ересек балаларды 3 айда 1 өлшеу өткізіледі. Үштен асқан балаларға-жарты жыл сайын өткізу керек. Қарау кезінде дәрігер баланың денесі өсуін нерв психикалық дамуын және денсаулығын мөлшерлейді. Бұдан бұрынғы қараудан кейін қандай өзгерістер болғанын байқайды.

Жас бала тез салмақ қосып, жедел өседі. Баланың организімі сыртқы ортаның қандай болсын өзгерісін сезім келеді.

4.Тыңдалды: Балабақша әдіскері Л.Утегенова сөз алды.Ол өз сөзінде «Тәуелсіздік тұғырым» атты көрме болғанын, және оған тәрбиешілер М.Аскар мен Коспанова М. жақсы ұйымдастырған, деді.

5.Тыңдалды: Б/б меңгерушісі Л.Утегенова сөз алды. Ол өз сөзінде ашық ұйымдастырылған оқу іс әрекетіне тоқталды.


Ортаңғы топтарда болып өткен «Жыл құстары» Математика еліне саяхат атты Ұ.О.І.Ә болып өтті. Тәрбиешілер балаларға шаттық шеңбер орындатты. Қонақтармен амандасты. Кемшіліктер де болмады емес, сонымен қатар тәрбиеші Коспанова М. балалармен жеке жұмыс жүргізбеді. Тәрбиеші Г.Бекжанова апайдың айтқанына қосылатынын, алда мұндай кемшіліктер жібермейтінін айтты.

Ортаңғы топтың балалары өздері еркін және сөйлемді толықтырып сөйлеу керек. Тәрбиешіге көп ізденіс, көп оқу керек.

Шешімі

1. Өткен кеңес шешімдері орындалды.
2. Бақылау мен басшылық салыстырмалы тексерудің қорытындысы бойынша топ тәрбиешісіне қанағаттанарлық деген баға қойылсын.
3. Медбике есебі тыңдалсын.
4. «Тәуелсіздік тұғырым» атты көрме жақсы деп бағалансын.
5. Ашық оқу-іс әрекеттері жақсы деп бағалансын.

Кеңес төрайымы:



Л.Утегенова

Хатшы:



Б.Уалиханова

Педагогикалық кеңестің №4 хаттамасы

Мерзімі: 27.03.2023ж.

Қатысқандар: 5

Күн тәртібінде

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Көтеріңкі көңіл күй-жанға қуат береді» тренинг
3. Топтардағы «Табиғат бұрышы» мазмұнының сапасы.
4. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметін талқылау
«Күлдіргі ханшайымға қонаққа барамыз»

1. Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі Л. Утегенова сөз сөйледі. Ол өз сөзінде өткен кеңестің шешімдеріне тоқталды. Ол өз сөзінде өткен кеңестің шешімдеріне тоқталды. Бақылау және басшылық, салыстырмалы тексерудің қорытындысы бойынша топ тәрбиешісіне қанағаттанарлық деген баға қойылды. Халық ауыз әдебиетінің бала тәрбиесіндегі маңызы атты баяндама бекітілді деді меңгеруші.

2. Тыңдалды: Тәрбиеші М. Контаева - Құрметті әріптестер, бүгін сіздердің психикалық көңіл-күйлеріңізді көтеруге, өз бойларыңыздағы шығармашылық қабілеттеріңізді бағалай білуге, өз-өзіңізге құрметпен қарауға, бір-бірімізбен сыйластық қарым-қатынаста болуға арналған ғаламның таңғажайып бөлігі-табиғатпен байланысты әуенді терапия сағатына ұйымшылдықпен қатысуға шақырамын. «Әрбір адам-өмірге келген қонақ» деп өлең жолдарында жырланғандай өміріміздің өте мағыналы, мазмұнды өтуі маңызды. Қамшының сабындай қысқа өмірде бір-бірімізбен сыйластықта болғанға не жетсін? Ендеше бүгінгі тренингіміз «Көтеріңкі көңіл күй- жанға қуат береді» деп аталады. Көңіл-күйді көтере білу- үлкен өнер екенін кеңінен ұғынуға мүмкіндік береді. Көңіл күй адамның ішкі жан дүниесінің құбылысы, көңіл-күй адамның айнасы.

«Табиғатпен байланыс» «Табиғатсыз адамдардың күні жоқ ,оны айтуға табиғаттың тілі жоқ»

Адам табиғатпен тығыз байланысты, табиғаттың ажырамас бөлшегі. Табиғат дегенде көзімізге жайқалып өскен ағаштар, мөлдіреп аққан бұлақтар, жасыл желек шөптер елестейді. Табиғаттағы ерекше бір жаратылысы , ол – Ағаш. Енді сол ағаштың несі болар едіңіз тамыры ма, әлде діңі ме, әлде жапырағы ма?

Әркім өз қалауы бойынша тамыр, жапырақ, діңі болып, таңдаңыздар! Сіздердің бұл таңдауларыңыз кездейсоқтық емес, психологиялық сәйкестік. Тамыр- істің нәтижесіне мән беретін адамдар
Діңгекті- берік, мықты біреуге тірек бола алатын адамдар.

Жапырақ- сұлулықты, әсемдікті, ұқыптылықты қалайтын жандар.

Психологиялық кеңес

Күнделікті күйбең тірлік, қарбалас жұмыстан соң, ағзамыз әлсіреп, жүйкеміз шаршайтын кез. Сондықтан ағзаға қажетті дәрумендер қабылдап, жүйкені тыныштандыратын мәлисса, жалбыз шөбінен шай қайнатып ішкен жөн. Таңғажайып, аппақ қарға оранған табиғатта, таза ауада серуендеп, әдемі ән тыңдасаңыздар бұл сіздердің көңіл-күйлеріңізді көтереді.

Таңертең күлімдеп оянып, айна алдына қарап тұрып, өздеріңіздің есімдеріңізді қайталап, мақтау сөздер айтыңыздар. Мысалы: Мен-мықтымын, сабырлымын, менің қолымнан бәрі келеді, мен бақыттымын, жетістіктерге жететініме сенімдімін т.с.с Осы сөздер сіздерге сенімділік береді.

3.Тыңдалды: Меңгеруші Л.Утегенова - Табиғат бұрыштарына қойылатын жалпы талаптар:

Жылдан-жылға өсіп, кеңейіп отырған бұл талаптар білім беру бағдарламаларында көрсетілген:

- Санитарлық нормаларға сәйкес жануарларды топтық бөлмелерге, киім ауыстыратын бөлмелерге, жатын бөлмелеріне орналастыруға тыйым салынады. Егер балабақшада балалар оларды бақылап, оларға күтім жасау мүмкіндігіне ие болғысы келсе, оларды хомяк, попуга және т.б. ұстау үшін алып кетеді. бөлек бөлме... Тұрғын үйдің тұрғындары сол жерден кіші топтарға әкелінеді, ал басқа топтардың балалары бұл бөлмеге мұғалімнің бақылауымен бара алады.

Орналасуы, оның ішінде табиғи жарық... Ондағы өсімдіктер жиһаздың, ойыншықтардың көлеңкесінде болмауы керек, яғни оларды күндіз максималды күн сәулесімен қамтамасыз ету керек.

Табиғат бұрышының барлық мүмкіндіктерін толық және жүйелі пайдалану мектеп жасына дейінгі жастағы балаларға тірі және жансыз табиғат әлемі туралы, ондағы байланыстар туралы, адамның табиғи ресурстарды сақтаудағы рөлі туралы кең білімді қалыптастыруға мүмкіндік береді, сонымен бірге экологиялық мәдениеттің негіздері және экологиялық тұрғыдан мінез-құлық және табиғатты пайдалану. Әр жас тобында қолөнерге қажетті табиғи материалдар жеткілікті болуы керек: жапырақтар, үйеңкі арыстандары, каштан, қараған, бұтақ, қауырсын. Балалар кіші жас мұғаліммен бірге қолөнер жасау, ересек оқушылар бұл материалдарды өз бетінше шығармашылық үшін қолдана алады. Бірақ мұғалімдер бұрыштарды бағдарламаның талаптарына және оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жабдықтайды.Ата-аналармен көп үйлестіру және ветеринарлық бақылау қажет болғандықтан, қазір балабақшалар мен мектептерден жануарларды сирек кездестіруге болады.

Тыңдалды: Ашық сабақтарды талқылау.

Сөйледі:тәрбиешілер С.Орынбасарова «Күлдіргі ханшайымға қонаққа барамыз» атты ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті туралы айтты. Ондағы сабақтың мақсаты балалар жасына лайықты алынған. Табиғат туралы қысқа және нақты мағлұмат алды. Таза ауада серуендеп жүріп, ауа жұтып, зерттеп, көбелектер ұстау ойынын қызыға ойнады. Арықтан аққан суды бақылап,

оның өсімдіктерге қажет екенін көзбен көріп, сұрақ-жауап өткізді.

Балалардың сөздік қоры байып, әдемі әсер алды. Еңбекпен байланыстырды.


Сөйледі: – М.Асқар, маған тәрбиеші Б.Уалиханованың ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті ұнады. Тәрбиеші алдына ала бәрін жоспарлаған, құрал-саймандары да түгел. Табиғат жайлы әдемі жылулық шеңберін құрды. Балалар мен тәрбиеші арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынас өте жақсы орнаған. Жалпы балалар таза ауада өздерін де еркін, ыңғайлы ұстады.

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы жалғастырылсын.
2. Тәрбиеші Б.Уалиханованың ашық сабағы жақсы деп бағалансын, әдіс-тәсілдерін, элементтерін ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне ендірілсін.
3. Табиғат бұрышына өсімдіктерді таңдағанда «Балабақшадағы тәрбие бағдарламасының» талаптарын ескеріп, олардың кейбірін тәрбиеленушілер бақылай алатындай етіп табиғат бұрышын біртіндеп толықтырылсын.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



Л.Утегенова

Б.Уалиханова

Педагогикалық кеңестің №4 хаттамасы

Мерзімі: 11.01.2023ж.

Қатысқандар: 5

Күн тәртібінде

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде.
2. Ата-аналармен жұмыс жоспарлау түрлері, жүргізілуі
3. Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарға есеп беруі
3. Қорытынды мониторинг
4. Жазғы маусымға арналған іс шаралар жоспарын бекіту

Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде

Сөйледі: Л. Утегенова – балабақша меңгерушісі «Педагогикалық кеңесетер» мақсаты педагогикалық үдеріс сапасын жақсарту, қарастыру болып табылады. Педагогикалық үдеріс сапасын көтеру жұмысымыз да тиянақты, жан-жақты қамтылған болу керек. Балалар ойнап жүріп өзіне қажетті түсінік, ұғым, білім мен дағдылар алуы керек. Барлығын ойын түрінде, жеңіл қабылдайтындай етіп өтудеміз.

Өткен кеңесте педагогтармен өзін-өзі дамыту жөнінде әңгіме қозғадық. Әр тәрбиеші өзін-өзі зерттеп, зерделеп ойлансын дегенбіз. Сол жөнінде өз ойларыңызды ортаға салыңыздар.

Сөйледі: М. Асқар – ортаңғы топ тәрбиешісі мен өзімді жас маман, тәрбиеші ретінде, балабақшадағы тәжірибелі тәрбиешілерден өзіме алатыным көп. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде қолданылатын әдіс-тәсілдер, құралдарды пайдалану, сөз мәнері бәрі мен үшін үлгі, даму.

Сөйледі: С. Орынбасарова – тәрбиеші жалпы әрбір адам өз мамандығын меңгерген, белсенді, білікті маман иесі болудың өзі даму. Мысалы балабақшада өткен әрбір педагогикалық кеңесте семинар сабақ, ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне қатысу, пікірталасу, тренингке қатысу біз үшін көп нәрсе береді. Оған ән айту, өлең оқуды ұнатамын, жаныма жақын болған соң оны шетте қалдырғым келмейді. Атқаруға тиісті міндеттерден басқа өнер де адамға артықтық етпейді деп ойлаймын.

С. Орынбасарова «Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндамада ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері, ұйымдастырылуы, әдіс-тәсілдері, мақсаты мен маңызы, қатысуға міндетті мамандар жөнінде тәрбиешінің көпшілік алдында сөз сөйлеу ережесі, жиналысты дұрыс өткізуі жөнінде, балалардың қатысуы қай жерде қажет, қажет емес, ата-аналар топқа қай кезде ене алады? Дәрістер мен баяндамалар мақсаты не? Ата-аналар жиналысының үлгісін, ойындар ұсынылып, түсіндіріп өтті. (Баяндама қоса тіркелді)

Сөйледі: Б. Уалиханова - баяндамада ата-аналармен жұмыс түрлері түгел қамтылған, маған ұнады. Менің тоқталған жұмыс түрі жеке тақырыптық

кеңестерге тоқталып өтсем. Осы жеке тақырыптық кеңес мен үшін маңызы зор. Себебі балалардың шығармашылық қабілетін байқап, жетілдіруде, жеке жұмыс жасауда кеңестер берілсін. Кеңесе отырып, нәтижелер оң болып шығуына, ата-аналарға үгіт-насихат беріп, балалармен жұмыс жүргіземін деді. **Тыңдалды:** Балабақша меңгерушісі Л.Утегенова - шығармашылық топ жетекшісі келесі құжаттардың болуына, мазмұнына, оның жүргізілу мәдениетіне жауапкершілік алады:

- шығармашылық топтың жұмыс жоспары;
- шығармашылық топ отырысының хаттамасы, онда талқыланған мәселелер, құрылған идеялар, нұсқаулар педагогтардың шешімі, сабақ конспектісі, ұсыныстары түрінде тіркеледі. әдістемелік ұсыныстар, нұсқаулар, құралдар шығармашылық топ жұмысының нәтижесіне дәлел болады.

Сөйледі: тәрбиеші Б.Уалиханова - Қыркүйек айында “Айгөлек” ересек тобында 4 өтпелі тақырып бойынша жұмыс жасадық.

“Балабақша”, ”менің отбасым”, ”тбиғат әлемі “,”біз еңбекқор баламыз.”Балалар осы тақырыптарға байланысты әңгіме, ертегі, жыр шумақтар үйренді

Қазан айында айында Қош келдің күш тақырыбы бойынша апталықтар өтті.Балалар осы айда егін науқанына дайындық: егін алқабын жырту, бидай тұқымын себу, нанның дастарханға қалай келетіні туралы түсінік беру; дихан, наубайшы еңбегімен таныстыру, олардың еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу. «Жомарт күз» деп неліктен аталатынын түсіндіру, күз мезгілінің ерекшеліктерін бақылау. Жыл құстары көктемде туған жерге қайта оралып, ұя салады, балапан басып шығарады.

Қараша айында айында . «Алуан-алуан кәсіп бар, таңдай біл де, талап қыл!»тақырыбында білімдерін кеңітті ересектердің мамандығы туралы білімдерін кеңейту, түрлі мамандықтарға қызығушылықты дамыту, ересектердің еңбегінің маңыздылығы туралы түсініктерін қалыптастыру, адамдардың өмірінде барлық мамандықтардың маңызды екенін түсіндіру, ересектердің еңбегіне мейірімділікпен, құрметпен қарауға, оларға көмек көрсетуге тәрбиелеу.

Желтоқсан айында “Елбасшымыз Нұрлы Сұлтан - Нұрсұлтан!” тақырыбында 1 желтоқсан Президент күні мерекесіне арналған тәрбие сағаты атап өтілді. Мақсаты: Елбасшымыздың туып өскен жері, өмір жолы, қызмет еткен кезеңі туралы мағлұмат беру.

Желтоқсан айында айында .«Алақай, қыс келді!» тақырыбы бойынша апталықтар өтті.Балалар осы айда балалардың қыс мезгілі және оның ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту. Қыс мезгілі өзінің аппақ қарымен, сықырлаған аязымен, көк айдын мұзымен ерекше. Ақ ұлпа қар жамылған ағаштар, үйлер көздің жауын алады. Қыс мезгілінің тағы бір ерекше көрінісі - қысқы ойындар: шанамен, шаңғымен сырғанау. Жаңа жыл мерекесі жайлы түсінік алып,жыр шумақтарын,әндерін арнап балалар жаңа жыл апталығын көңілді аяқтады. Желтоқсан айында айында “қар қалашығы ертегілер әлеміне” ата аналармен бірігіп ұйымдасып,балалардың көңіл күйін көтеру мақсатында ұйымдастырылған шара өте сәтті болды.Ата аналар толықтай жиналып ,біркісідей атсалысты.

Балалардың шығармашылығын,қиялын,тілін дамыту үшін ертегінің алатын орны зор. Біздің балабақшада ертегі айту,сабақты ертегімен бастау

жолға қойылған. Биылғы жарты жылдықта “құлыншак” тобының балалары 30 ертегіні айтып қана қоймайды. Сонымен қатар мұқабасынан таниды, рөлдерге бөліп ойнайды. Тіпті өздері ойдан ертегі де құрап айтады.

Биылғы жылы карантиндік жағдайға байланысты жаңа жылдық мереке аталып өтілмеді. Бірақ біздің ата-аналар балаларға арнап тосын сый тарту етті. Топқа көптеген ойыншықтар сыйлады. Балалардың қуаныштарында шек бол Қорыта келе айтатыным: Балалар жарты жылдықта жан-жақты білім алды.

Болашақтың кілті жас ұрпақта. Ендеше өскелең ұрпақты білімді ету әр ұстаздың басты міндеті.

Тыңдалды: Әдіскер Л. Утегенова - Баланың құзыреттілігін дамыту деңгейін қадағалау мақсатында әрбір жас кезеңінде әрбір баланың жеке даму жоспарын құруға мүмкіндік беретін білім беру саласындағы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрлері бойынша (бастапқы, аралық және қорытынды) жетістіктерге мониторинг жүргізілді.

Оқу жылының басында білім беру салалары бойынша тәрбие - білім беру жұмыстарына талдау жасалды, оның мақсаты: әр баланың жетістіктерінің деңгейін анықтау, ағымдағы оқу жылындағы бағдарламалық материалдарды меңгеру.

Дене шынықтыру бойынша бағдарламаны меңгеру балалар дене шынықтыру, қауіпсіз мінез-құлық негіздері бөлімдерінде меңгереді. Дене шынықтыру нұсқаушыларының дұрыс жолға қойылған жұмысының арқасында топ тәрбиешілерімен бірге денсаулық сақтау құзыреттілігінде біздің балалар: өзінің дене саулығына қамқорлық жасауды және тіршілік қауіпсіздігі ережелерін сақтауды; қимыл-қозғалыс дағдыларын меңгеруді; әр түрлі оқиғалар бойынша өзінің эмоционалдық жағдайын білдіруді; жеке гигиена дағдыларын және денсаулықты сақтау негіздерін меңгеруді үйренеді. Балалар жалпы дене дайындығын жақсартып, қимыл-қозғалыс белсенділігін ынталандыратын дене шынықтыру жаттығулары мен ойындарға деген қызығушылық арттырады. Ойын түрінде дене шынықтыру сабақтары балалардың икемділігін, ептілігін, үйлестіру қабілетін жақсартуға мүмкіндік береді. Балаларда тұрмыста, көшеде қауіпсіз жүріс-тұрыс дағдылары қалыптасқан, салауатты өмір салтының қарапайым ережелерін меңгереді. Қауіпсіздік ережелерін саналы түрде орындайды, шынықтыру процедураларының маңыздылығы мен қажеттілігін түсінеді.

Жағымды жақтары:

Стандартты емес дене шынықтыру-сауықтыру жұмыс түрлері балалардың денсаулығы мен физикалық даму деңгейіне оң әсерін тигізді.

(Сөйлеуді дамыту; Көркем әдебиет; Сауат ашу, Қазақ тілі.).

Коммуникативтік-тілдік дағдыларды дамыту үшін педагогтар келесі жұмыстарды атқарады: өз және басқа тілдерде ауызша қатынас жасау түрлерін, түрлі құралдарын пайдалану; тілдің қажетті лексикалық, грамматикалық құралдарын таңдау және оларды ойындарда, сөздік шығармашылықта және басқа да қызмет түрлерінде пайдалану. Балалар ересектермен және құрдастарымен еркін қарым-қатынас жасау мәдениеті дағдыларын игерген, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін меңгерген және оларды сақтайды. Ересектердің көмегімен жай және күрделі

сөйлемдерді құрастыруды, интонациялық мәнерліліктің әр түрлі тәсілдерін пайдалана отырып, дыбыстарды саралап, ойын кезінде белсенді қолдануды үйренеді. Антоним мен синонимдерді түсінеді және пайдаланады. Шығармашылық сөйлеу қызметінде таныс ертегілерді айту, ойыншықтар бойынша шағын әңгімелерді айту дағдыларын қалыптастырды. Көркем әдебиетпен танысу кезінде кітаптарға қызығушылық танытуға, өлеңдерді мәнерлеп оқуға үйренеді. Сауат ашу ұйымдастырылған оқу қызметінде алған білімдерін күнделікті өмірде және ойындарда кеңінен қолданылады.

Жағымды жақтары:

Көркем әдебиет, сауат ашу бөлімдері бойынша бағдарламалық материалдар жоғары топтарда тиісті деңгейде меңгерілген, көркем әдебиет – 42,2%, сауат ашу -51,1% құрайды.

Әлсіз жақтары. Жетістіктер деңгейі оқу жылының басталуымен салыстырғанда тек 45,1% - ға өсті, бұл мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік дамуы, қазақ және орыс тілдерін оқыту бойынша жұмыстар жүргізілу керектігін көрсетеді.

Шешу жолдары. Ұйымдастырылған оқу қызметін өткізу кезінде тілдік даму міндеттерін шешуге, мектепке дейінгі балалармен жеке жұмыс арқылы мемлекеттік және орыс тілдерін үйренуге ерекше назар аудару.

(Математика негіздері, құрастыру, жаратылыстану)

«Таным» білім беру саласындағы дағдыларды дамыту деңгейлері бойынша бастапқы мәліметтер. Танымдық құзыреттілік бойынша балалар келесі дағдыларды меңгерді: қоршаған әлемге қызығушылығын ояту, әр бір қойылған міндетке әрекет тәсілдертаңдай біледі, қойылған; қойылған мақсатқа қол жеткізеді; сұрақтар қоюға, эксперимент жасауға, сепбеп-салдық байланыс орнатта біледі ; құрастыру әрекетінде өз ойларын жүзеге асыра біледі. Жалпылауыш ұғымдар негізінде заттарды біріктіріп, сөз белгісі қоя біледі. «Таным» білім беру саласында дифференциалды тәсілдің арқасында балалар тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары туралы жеткілікті көлемде білім алады. Заттардың қасиеттеріне бағдарлау дағдыларын жетілдіріледі: қабылдау арқылы заттардың белгілері мен сипатты айырмашылықтарын ажырата біледі, заттардың қасиеттері мен белгілері танымдық қызметтің санаты ретінде қарастырылады. Құрастыру дағдыларын қалыптастыру құрастыруға арналған материалды таңдау, құрылысты орындауға ұмтылу кезінде, әртүрлі нәтижелерді алу үшін бір әдістерді құрастыру және пайдаланудың бірнеше қарапайым жалпылама тәсілдерін меңгерумен дербестікте көрінеді. Өсімдіктерге күтім жасау бойынша ересектермен бірге қарапайым еңбек тапсырмаларын орындай білу, табиғатта мінез-құлықтың кейбір нормаларын білу, қоршаған ортаның алуан түрлілігін түсіну, өсімдіктердің белгілері мен қасиеттерін, жануарлардың тіршілік ету ортасын білу экологиялық мәдениет негіздерінде қалыптасады. Математика негіздері уақыт, кеңістік туралы қарапайым түсініктерді көрсете білуде, уақыт туралы түсініктердің (тәуліктің бөліктері: таңертең, күн, түн; күндер: бүгін, кеше, ертең) болуы: жылдам, баяу. Геометриялық фигуралардың құрылымдық сипаттамаларын, тура және кері тәртіпте сандық қатынастарды білу. Іздеу және эксперименталды іс-әрекетте балалар өз бетінше таныс

материалдармен жүйелі және нәтижелі эксперимент жасауға, жаңа материалдармен моделдеуге және заттар арасындағы жалпы белгілерді ерекшелеуге, қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды орнатуға үйренеді.

Әлсіз жақтары:Бағдарламалық материалды меңгерудің бірінші деңгейінің 31% - ы байқалады, бұл барлық балалар осы сала бойынша жаратылыстану бөліміндебағдарламалық материалды толық меңгермегенін білдіреді 46%, Математика негіздері - 47 %., көрсеткіштер.

Шешу жолдары:Білім беру саласындағы белгілі бір қызмет түрі бойынша бағдарламалық материалды төмен деңгейде меңгерген балалармен жүйелі жеке жұмыс жүргізу. Жаратылыстану, математика негіздері ҰОҚ бойынша тәрбие-білім беру жұмыстарын жүргізу кезінде бағдарламалық материалды жақсы меңгеруге бағытталған әр түрлі жұмыс түрлерін кеңінен қолдану. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, музыка).

«Шығармашылық» білім беру саласындағы дағдыларды дамыту деңгейі бойынша бастапқы мәліметтер. Шығармашылық құзыреттілікте педагогтар балаларға: музыка, өнер туралы білім негіздеріне қызығушылық танытуға; көркем шығармаларға, халық шығармашылығына өз көзқарасын білдіруге; жеке көркем бейнелерді мәнерлі құралдармен (түсі, ырғағы, формасы, композициясы және т.б.) жасауға

көмектеседі. «Шығармашылық» саласындағы жұмыс мақсатты және жүйелі түрде жүргізіледі. Бейнелеу қызметінің барлық түрлерінің өзара байланысы байқалады, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің реттілігі сақталады. Музыкалық қызметте музыкалық фразаның жоғары және төмен дыбысы бар, ересектермен бірге ән айтуға ниет білдіреді. Музыкалық шығарманың екпінін ажыратады, дыбыстарды биіктік бойынша ажыратады, әуеннің басталуы мен аяқталуына жауап береді. Дауыстың тембрлерін ажыратады, созылыңқы, анық сөздерді айтады; би, музыкалық-ырғақты қимылдарды орындайды. Музыкалық аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгерген, музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін, ұзақтығын, тембрін ажыратады. Нәтижелі қызметте бейнелеу қызметіне қажетті негізгі техникалық дағдылар мен біліктер қалыптасқан, балалардың бейнелеу өнерінің түрлері (кескіндеме, мүсін, халық өнері) туралы түсініктері бар, қиял, эмоциялық көңіл-күй танытады, өзіндік шығармашылық қызметте өз ойын іске асырады. Балалардың практикалық іс-әрекетінің дағдылары дамыған. Балалар әр түрлі өнер түрлері туралы қарапайым түсінік алды, материалдарды ұқыпты пайдаланады. Геометриялық пішіндер мен өсімдік элементтерін ырғақты орналастырады. Музыканың би сипатын эмоционалды қабылдайды, қоршаған ортаның сұлулығын көрсетеді. Декоративтік өнерге, дизайнға қызығушылық танытады, жұмыс тәсілдерін таңдайды және негіздейді, жұмыс үшін материалдарды тиімді пайдаланады, табиғат сұлулығына, киім-кешекке және үй-жайлардың жиналуына эмоционалды түрде жауап береді.

Жағымды жақтары:

Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, музыка бойынша ұйымдастырылған оқу қызметін өткізу барысында бағдарламалық материалды меңгеруге бағытталған дәстүрлі және дәстүрлі емес әдістер мен тәсілдер, әртүрлі жұмыс

түрлері қолданылады. Оқу жылының басында бағдарламаны меңгерудің жалпы деңгейі 54% - ға тең, яғни мектепке дейінгі балалар «Шығармашылық» білім беру саласындағы барлық қызмет түрлері бойынша бағдарламалық материалдарды меңгерген.

(Қоршаған ортамен танысу) дағдыларды дамыту деңгейлері бойынша бастапқы мәліметтер

Балалардың әлеуметтік құзыреттілігінде мынадай дағдылар қалыптасады: мінез-құлықтың жағымды баламаларын таңдау; өз мүмкіндіктерін білу; құрдастарымен және ересектермен бірлескен қызметке қосу; Қазақстан Республикасында тұратын қазақ және басқа да халықтардың мәдениетінің құндылығын түсіну. Балалар өзін - өзі ұстау мәдениеті дағдыларын меңгерген-жақындар мен қоршаған адамдарға қарапайым қамқорлық көрсету, қажетті жағдайларда көмек сұрай білу, басқа адамдардың тілегіне құрмет көрсету. Ересектермен және құрдастарымен өзара әрекеттесуде құрдастарымен тұрақты ойын бірлестіктеріне кіруге және ересектермен танымдық тақырыптарға қарым-қатынас жасауға, ересектермен бірлесіп еңбек әрекеттерін орындауға үйренеді. Құрдастары арасындағы өз орнын және «мен»дегенін түсінеді. Ересектермен және құрдастарымен ынтымақтаса алады, жалпы мақсат қойып, олардың нәтижелерін талқылай алады. Адамгершілік нормалар туралы түсінік қалыптасқан - қоғамдағы адамгершілік нормалар мен тәртіп ережелерін сақтай алады, қуаныш сезіледі, жақсы қылықтардан қанағаттану, моральдық нормалар бұзылған кезде уайымдану, қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына құрметпен қарау, Отанға деген сүйіспеншілік сияқты көптеген адамгершілік қасиеттер дамыған. Өзін-өзі бақылау және өзін-өзі талдау дағдыларын игерген, өз бетінше болуды үйренді.

Жағымды жақтары: Оқу жылының басында бағдарламаны меңгерудің жалпы деңгейі 47% - ға тең, яғни мектепке дейінгі балалар барлық қызмет түрлері бойынша бағдарламалық материалдарды меңгерген.


Тыңдалды: Жазғы сауықтыру іс-шараларын бекіту бойынша

Сөйледі: Л.Утегенова балабақша меңгерушісі міне, жаз да келіп жетті. Жыл бойығы тапсырмалардан, сабақтан балаларды кішкене босатып, жазға арналған сауықтыру шаралары мен қызықты, көңілді іс-шаралар жоспарланды. Жоспарлармен таныстым. Ойындарға көбірек көңіл бөліңіздер. Ойын түрлері түрленіп, отырсын. Дидактикалық, сюжеттік-рөлдік, қимылды ойындар, сөздік ойындар, табиғи материалдармен, спорттық ойындар, эстафеталық жарыстар, ұлттық ойындар, сахналау, қуыршақ театры,серуендер түгел қамтылуын тапсырамын. Ұйымдастыру кезінде ең бірінші балалар мен денсаулықтарыңыздың қауіпсіздігін, қолайлы, ыңғайлы болуын ескеріңіздер. Сауықтырулар шараларына үнемі медбикенің қатысуымен өткізуді тапсырамын деді.

Шешім:

1. Ата-аналармен жұмыс жоспарлау түрлері қамтылып, жоспарға енгізілсін.
2. Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарға берген есептері қанағаттанарлық деп танылсын.
3. Жазғы маусымға арналған іс шаралар жоспарын бекітілсін.

Кенес төрайымы:



Л. Утегенова

Хатшы:



Б. Уалиханова